

Төтенше жағдайларды қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 5 маусым N 262

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар зардаптарының алдын алу және оларды жою мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған резерв қорынан 39,0 (отыз тоғыз) млн. теңге, бұдан:

Талдықорған облысының әкіміне селге қарсы шаралар жүргізуге және көктемгі су тасқыны зардаптарын жою үшін - 15,0 (он бес) млн. теңге;

Денсаулықминіне экстремальдық медицина орталығын дамыту мен жарақтандыруға - 4,286 млн. теңге (төрт миллион екі жүз сексен алты мың теңге); <*>

Қазгидрометке су тасқыны, қар көшкіні мен сел жүруін бақылау кезінде гидрологиялық жұмыстар жүргізуге - 4,0 (төрт) млн. теңге;

Қарағанды облысының әкіміне Саран қаласындағы N 2 шағын ауданының N 31 үйінде болған газ жарылысы зардаптарын жоюға 10,0 (он) млн. теңге бөлінсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 3-абзацына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің
1996.11.25. N 530 - өкімімен. R960530_

2. Талдықорған, Қарағанды облыстарының әкімдері, Денсаулық сақтау министрі, Қазгидромет бастығы 1966 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне орындалған жұмыс пен жұмсалған қаражат көлемі туралы мәлімдейтін болсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалыуына қатаң бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр